

Техникалық сипаттама

(ЛОТ № 11)

9

№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	Клиникалық химиялық анализатор	Клиникалық химиялық анализатор – аналитикалық блок Анализатор — компьютер арқылы басқарылатын, толық автоматтандырылған құрылғы, адамның сарысуы, плазмасы, жұлын сұйықтығы және басқа биологиялық сұйықтықтардағы химиялық заттарды сандық анықтау үшін арналған. Құрылғы автоматты түрде дозалау, реакция, колориметриялық өлшеу, технологиялық процесті бақылау және нәтижелерді есептеу функцияларын орындайды. Анализатор бірнеше биохимиялық талдауларды жүргізе алады, максималды өнімділігі ISE модулімен бірге 620 тест/сағатқа дейін жетеді. Бұл құрылғы зертханалық зерттеулерді автоматтандыру үшін қажетті құралдардың бірі болып табылады. Параметрлер Жүйе: Автоматты жабық жүйе (төменгі орналасқан) Өнімділік: 400 тест/сағатқа дейін, ISE модулімен 620 тест/сағатқа дейін (қосымша опция) Принциптер: Фотометрия, Турбидиметрия, Потенциометрия Әдістер: Кинетикалық, Соңғы нүкте, Белгіленген уақыт, ISE Бағдарламалау: Жабық жүйе Үлгі мен реагенттер дискісі: 92 реагент орны, 102 үлгі орны, 2–10°C температурада тәулік бойы салқындату Реагент көлемі (R1): 100–300 мкл, 0,5 мкл қадамымен Үлгі көлемі: 1,5–45 мкл, 0,1 мкл қадамымен Реагент/үлгі датчигі: Сұйықтық деңгейін өлшеу, вертикалды соққыдан қорғау, қалдықтарды тексеру, реагенттерді қыздыру Игла тазалау: Ішкі және сыртқы автоматты жуғыш; ластану <0,05% Автоматты үлгіні сұйылту: Алдын ала және кейінгі сұйылту Сұйылту орны: Бірреттік/көпреттік кювета Штрих-код сканері (қосымша): Үлгілер мен реагенттерді бағдарламалау үшін қолданылады ЛИС жүйесімен байланыс: Екіжақты режимде қосылу мүмкіндігі Электролит блогы (қосымша): K⁺, Na⁺, Cl⁻ өлшеу Өнімділік: 400 тест/сағатқа дейін Реакциялық жүйе Реакциялық ротор: 90 кюветалық айналмалы диск Реакциялық қоспа көлемі: 120 мкл Температура: 37°C Термостаттау дәлдігі: ±0,1°C Араласу: 2 жеке миксер Оптикалық жүйе Жарық көзі: Галоген-вольфрам шамы Толқын ұзындықтары: 12 толқын: 340, 380, 412, 450, 505, 546, 570, 605, 660, 700, 740, 800 нм Өлшеу диапазоны: 0–4,0 Abs (10 мм конверсия) Ажыратымдылығы: 0,0001 Abs Калибрлеу және сапаны бақылау Калибрлеу режимдері: Линеілік (бір, екі және көп нүктелі), Logit-Log 4P, Logit-Log 5P, Сплайн, Экспоненциальдық, Полиномдық, Парабола	1

	Сапаны бақылау бағдарламалары: X-R, L-J, Вестгардтың бірнеше ережелері, кумулятивтік қосындылар, Twin plot Басқару Операциялық жүйе: Windows® 8 Интерфейс: RS-232 Пайдалану шарттары Электрмен жабдықтау: 200–240 В, 50/60 Гц, ≤1000 Вт Температура: Жұмыс істеу: 15–30°C, Сақтау: 0–40°C Ылғалдылық: 35–85% салыстырмалы ылғал Өлшемдері: 1050 × 720 × 1150 мм (ені × тереңдігі × биіктігі) Салмағы: 200 кг	
	Барлығы	1

Қаржы және Халықаралық байланыстар вице-ректоры



М.Гиритлиоглу

Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы



А.Айымбетова

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және жеткізу шарттары

Тауардың құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ жеткізуді жүзеге асырумен байланысты барлық ықтимал төлемдерді, баж салығын, көлік және өзге де шығындарды қамти отырып, сатып алушының қоймасына дейін жеткізу шартымен көрсетіледі.

Егер жеткізілетін тауардың ерекшелігі қосымша жұмыстар мен қызметтерді жүргізуді талап етсе, тауардың құнына **міндетті түрде барлық қажетті қызметтер**, соның ішінде монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары және тапсырыс беруші персоналын пайдалану және қызмет көрсету ережелеріне оқыту қызметтері **енгізілуі тиіс**.

Сәйкестік және тауар сапасы

Жеткізуші жеткізілетін тауарды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және оған кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтік талаптарға толық сәйкес келуі, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өтуі тиіс. Аталған талаптардың сақталғаны тиісті құжаттармен расталуы қажет. Жеткізілетін тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнында медициналық мақсаттағы бұйымды Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеу туралы тіркеу куәлігінің болуы. Қазақстан Республикасында өндіруші сертификатталған сервистік инженерлері бар сервис орталығының болуы.

Кепілдік міндеттемелер

Жеткізілетін тауарға кепілдік мерзімі оны пайдалануға берген күннен бастап кемінде 12 (он екі) айды құрауы тиіс. Техникалық қызмет көрсету жұмыстары пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес орындалу қажет. 37 (отыз жеті) ай ішінде кепілді сервистік қызмет көрсету.